

## Тохаристан қарлықтары

Орта Азияның орта ғасырлық саяси және этникалық тарихында елеулі роль атқарған, жалпы қарлықтардың бір бөлігі – Тохаристан қарлықтары болып табылады.

Қарлықтардың бұл бөлігі жөнінде кезінде біршама түркологтар өз пікірлерін айтқан болатын. Олар Тохаристанға Темір қақпадан, яғни Бузгалдан бастап, Амударияның жоғарғы ағысының солтүстік және оңтүстік жақтарындағы облыстарды жатқызады да, оны кең мағынада, яғни, Бадахшанды қосып көрсетеді.

Орта ғасырлық Тохаристанда көптеген тәуелсіз иеліктер болған. Қытай деректері бойынша олардың саны 27-ге жеткен.

Тохаристандағы қарлықтар туралы алғашқы мәліметтер эфталиттер байланысты кездеседі. Грек және Византия жылнамаларында эфталиттердің «kholyatau» иеліктері туралы деректер бар. 508 жылы Византия елшісі Земаркостың Түрік қағанатына берген баянында «kholyatau» мемлекетінің иелігінде күтетіні туралы айтады. Деректер «kholiatau», «khols», яғни қарлық, қалаш түркі иеліктерінің эфталиттерге тәуелді болғанын көрсетеді.

Қарлықтардың Тохаристанда ертеден мекен еткендерін көне будда аңыздары мен қытай деректерінен білуге болады. Онда қарлықтар Гипдукуштын қарлы тауларында төрт мемлекет құрған, бір-біріне туысқан ағайынды сақтардан: Бамиаи, Удиан, Химотало мен Тухолодан (яғни Тохаристан қарлықтарынан) және Шамбиден тұрған. Осылардың ішіндегі Химотало өз көзімен көрген қытай саяхатшысының хабарлауынша Тохаристанның орталығы болған. Онда «хи-мо-та-ло» түрінде жазылған бұл ағаудың «қарлы таулар етегінде жасағандар», яғни, «қарлықтың» санскриптше аудармасы болып табылады.

Қарлықтардың Тохаристандағы қалалары ретінде белгісіз автор шығармасы Газни, Балх, Астах және Баркованды жатқызады (207,21). Жалпы алғанда, Тохаристанның Сурхоб-Вахш өзіндері бассейнінен бастап, Ауғаныстанға дейін және Солтүстік Ауғаныстан жерінде қарлықтар тұрған.

Эфталиттертердің билік жағынан қарлықтарға тәуелді болғанын Ахмед ал-Хорезмидің 975-991 жылдардағы тарихи шығармасынан көруге болады. Онда эфталиттертердің Тохаристаи өлкесіне билік етуші бір тайпаға тәуелді скенін, ал түркілер оларды «халлух» деп атайтынып және «кенгінелер» олардың қалдықтары деп жазады.

Гардизи қарлықтардың күшейіп, Тохаристан хайталдарымен (эфталит) өз ара қатынас орнатқандарын жазады.

Жалпы алғашқы ислам және армян деректері Орта Азияға эфталиттердің қалдықтары ретінде «қарлық», «кенгине» (немесе кангине) және «кумидж» тайпаларын атайды. Сонымен қатар, Мұхаммед ибн Абдуллах ал-катиб ал-Хорезми мен Исмаил ал-Жевхери әл-Фараби Түркия мен Еуропа кітапханаларындағы бар ескі нұсқаларды салыстыра отырып, бұл атаулардың кей жерде «халаг» орнына «харлух» болып оқылуының керектігін, ал тұрған өлкесінің де «Тухаристан» емес «Тухайристан» (Тохаристан), яғни, Сырдарияның солтүстігіндегі Вахш, Кафринихап мен Сурхандария бассейндері Термез-Чаганиай-Шуман-Хутталян аралықтары болып табылатынын алға қояды.

Қарлықтардың Тохаристанда ежелден ел болып, өлкесі болғандығы Фирдоусидің «Шахнамесінен» анық байқалады. Онда «халухиста» елі Балхтан Таразға дейін ұзыннан-ұзақ мемлекет территориясын алып жатады. Қарлық жабғуы нәсілінен шыққан Ержастың (Ercabs) тұрған мекені халлух жерінен шығып. Балхқа келгендігі, ал «көктем болғанда Балхдан Халлухқа ... кетті» деп жазалады. Жазда қарлық басшылары Памирге, Таразға, яғни солтүстік Халлухистанға кетендіктері айтылады. «Шахнаме» бойынша Халлухистан өлкесі оңтүстікте Гиндикуштан бастап, солтүстікке Шу бассейні мен Ұлытауға, батыста Арал көлі мен Қандаһар, Буст пен Газнеден, шығыста Памир мен Ыстық көлге дейінгі аралықты қамтиды. Бұдан біз жалпы «Шахнамеде» Тохаристандағы қарлықтардың VIII-X ғасырларда құрылған құатты қарлық мемлекетімен бірге, біртұтас алып Қаралғанын көреміз. Өйткені біз қарастырын отырған кезеңде араб географияшылары айтуынша да Балх округы Тохаристан құрамына енген және оны кейде «Балх-Тохаристан» деп те атаған.

«Оғызнамеде» «қарлық» атауының берілу оқиғасы да осы Тохаристанда, яғни Ауғанстандағы Гур мен Гарчистан облыстарында өтеді. Мұның өзі әуел баста «қарлық» этнонимінің жасалуы Тохаристанмен байланысты екенін көруге болады.

Көңіл ауларарлық бір мәселе Тохаристандағы «қарлық» атауымен жер-су атауларының байланысы. «Худуд ал-аламда» Ферғана, Алай таулары, Ышбара, Өзкент және Сох өзендерінің барлығы «Көк-Халлухтан» ағатын өзендер. Памир тауларының солтүстік-шығысы және батысы қарлықтардың басты жайылымдары болды. Яркенд өзенінің басталар жеріндегі жазық «Харлух ылдиы» деп аталынған.

Солтүстік Тохаристанда Файзабадқа жақын жерде Илак (ilak) қалашығы орналасқан Ол арқылы «Илак иайы» өзені ағын өтеді. Ал Тохаристанның оңтүстігіндегі қарлы таулардың бір бөлігі де «Kohi ilag», яғни «Көк Илак» деп аталады. Илақтар қарлық құрамына кіріп, олардан

шыққан хандар мен көсемдер «ilk – ilek» (ілк-илек) лауазымдарын тасыған. Қарахандар әулетіндегі илек хандар осылардан шыққан деуге негіз бар. Бүгінде Файзабад – Кафырнихан облыстарында тұратын көшпелі лоқайлар осы илақтардың қазіргі аты болуы керек.

Лоқайлардың қарлықтармен байланысын кезінде И.П.Магидович қарастырды. Ол бұл байланысты Орта Азияға араб басқыншылығына дейінгі кезеңге, яғни эфталиттер заманына апырып саяды. Әл-Масуди қарлықтардың гурлармен бірге эфталиттер орталығы Бадгисте тұрып, қыста Тохаристанға көшетінін хабарлайды. Ал Идриси халлухтардың Солтүстік Индия, Гур, тіпті Батыс Сеиджистанға дейін жайылып, олардың түркі тектес екенін және бұл жерде ежелден тұратындарын жазады.

Сонымен жоғарыда Тохаристан қарлықтары туралы деректерді қарастыра келіп, қарлықтардың бұл жерде ежелден тұрғылықты халқы болғандығына көз жеткізу мүмкіндігі бар деп есептейміз.

«Оғызнамеде» қарлықтар өз атауын осы Тохаристандағы тауда қалғандықтан алуы, алғашқы қарлықтардың мұнда Грек және Византия деректерінде «Колотай (бұл атаудың бірінші түбірі – «коло-гэло» қарлықтардың қытайша аталынуы) болуы, эфталиттермен бірге тұруы және қарлықтар шежіресінде үлкен «тоқа» және «Тоқарыстан» тармақтарының болуы жалпы қарлықтардың екі отанының – Алтай және Орта Азияда Тохаристанның бар екендігін алға қояды.

Тарихи деректер Тохаристан қарлықтарының иеліктері өздерінің Алтай мен Ертіс бойындағы отандастары есебінен ұлғайып отырғандығын көрсетеді. Бұл бір жағынан, қарлықтардың негізгі бөлігінің Орталық Азияға бірте-бірте жылжу және қоныстануымен байланысты.

VII ғасырдың 50-60 жылдарында Қытайдың округтендіру іс-шараларын жүргізу барысында Тохаристанның оңтүстік батысындағы Сеюй мемлекеті (қытайша Цаоцзюда) хэдолоч – жылықтар елі болып аталады. Мемлекеттің басшысына «елтабар» атағы берілген.

Алатайдағы қарлықтар сияқты Хэдолочжылықтар да Тянь бао билігі (742-756) кезінде сарайына бірнеше рет елшілік жіберген. Қытай деректерінде Хэдалочжы атауының бірнеше нұсқалары бар. Гэло-дачжи, Гэлотачжи, Хэлодачжи, т.б. А. Бернштам «Гэлотачжи» атындағы екі иероглиф тайпа бірлістігінің атауы, яғни «гэло» (карлук) деп оқылуын ұсынады. Өйткені бұл этноним қытайша иероглифпен дәл, осылай жазылатынын ерекше атап көрсетеді. Ал кейінгі «тачжи» сөзі тайпа атып ағни, ағни «та-ши» этнонимін береді деген пікірдеміз. Қарлықтардың бұл заманда үш басты тайпасының бірі – «ташили» екені белгілі. Олай болса тачжи» «ташили» этнонимін бір нұсқасы ғана. Сонда бұл Хэдалочжи

қарлықтың ташили тайпасының құрған мемлекеті болып шығады. Сонымен қатар, Хэдалочжылықтардың қарлықтар екеніне қосымша дәлел ретінде Сеюй мемлекетінің Хэдалочжи болып аталуы 656-661 жылға, яғни Ашина Хэлудің (Халлыг) көтерілісінен соң округтендіру кезеңіне сәкес келуіп айтуға болады. Сонда бұлар көтеріліс жеңілген соң батысқа көшкен қарлықтардың (мүмкін ташили тайпасы) бір бөлігі болу керек. Тағы бір ескеретін жәйт билеушісінің атағы «елтабар» екендігі. Бізге «елтабар» атағының қарлық тайпасы көсеміне берілетіні белгілі.

Бұдан, VII ғасырдың ортасында-ақ, батыста Тохаристанның оңтүстік батысында «елтабар» басқарған қарлықтардың ташили тайпасының бір бөлігі болғандығы көрінеді.

VII-VIII ғасырларда Тохаристан қарлықтары Орталық Азиядағы болып жатқан оқиғалардан тыс қалмады. Олардың жабғуы VII ғасырдың ортасында Батыс түрік қағанатының билігі үшін таласушылардың бірі болды. Соның бірі Юкук шад қағандық билік үшін күресте жеңіліс тапқан соң, оның ұлы Чженчу Тохаристанда қарлық иеліктерінің жабғуы болды. Ашина ХЭЛУ қаған VII ғасырдың орта тұсында батыс түркілерді біріктіріп, империяға қарсы күрес жүргізе бастағанда, Чженчу жабғу қағанат билігіне өзінің дәмесі бар екендігін білдіріп, нушиби тайпаларын көтергісі келді. Ашина Хэлу әскерімен оғап қарсы жүргенде Чженчу жабғу өзінің тәуелді екенін мойындауға мәжбүр болды. Ашина Хэлу көтерілісі жеңілгеннен кейін, Чженчу жабғу 659 жылы империяға қарсы көтерілді. Алайда, сол жылы Боротола (Тарбағатайда) жазығында жеңіліске ұшырап, озі де өлтірілді.

VII ғасырдың алғашқы жартысында Тохаристанға батыстағы арабтардан, ал шығыста тибеттіктерден қауіп төнді 705-710 жылдары арабтардың қолбасшысы Кутейба ибн Муслим Тохаристанды бағындырды да жабғуын тұтқындап Дамаскіге жіберді. Одан кейінгі уақытта Тохаристан тағына арабтардың көмегімен Чаганиан патшасы Тиш отырды. Ол арабтардың одақтасы болып, 737 жылы түргештер мен соғдылықтарға қарсы соғыста қаза тапты. Араб наместниктері, әсіресе, оның ішінде Кутейба удельдік кінәздардың арасындағы қайшылықтарды шебер пайдалану арқылы. Тохаристанда өздеріне қарсы бірыңғай майдан құрғызбай тастады. Кейде арабтар оларды өздеріне одақтас етіп те алған кездері болды. Тоныкөктің жазуында арабтар мен тохарлардың одақтас ретінде көрінуі осының дәлелі.

Алайда тохаристандықтардың бәрі де бірдей арабтар жағына шыққан жоқ еді. Ондағы көптеген удельдік кінәздіктер тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күресте өздеріне күшті одақтастар іздеді. Осы мақсатпен кейбір Тохаристан иеліктері Қытаймен саяси қарым-қатынастарын күшейтті.

718 жылы Тохаристан жабғуы Қытайға жіберген елшісі арқылы Забулистан, Каписа, Хутталь, Куран, Шуман, Шугнан, Вахан, Джуздан, Бамиан, Кабадиан, Бадахшан және эфталиттерді басқаратынын хабарлап, арабтар мен тибеттіктерге қарсы көмек сұрады. Император өзінің көмек беретінін білдіріп, жабғудың кінәздарына жоғарғы дәрежедегі атақтар үлестірді. Осы елшілікпен жіберген хабарға қарағанда, жабғу қол астында 900 мыңдай жауынгері болған. Шындығында, әскері бұдан аз болса да, Тохаристан жабғуының сол заманғы өлшеммен алғанда мықты әскери күші болған.

Алайда, арабтардың Орта Азияға ішкерілеп енуіне Тан империясы бөгет бола алмады. Оларға қарсы күресте Тохаристан жабғуы жергілікті халықтың күшіне, соғдылар мен түргештерге сүйенді. VIII ғасырдың 30 жылдарында Тохаристан қарлықтары Орта Азиядағы арабтарға қарсы басты күштердің бірі болды. Әсіресе, 737 жылы Тохаристандағы қарлық жабғуының түргеш қағанымен бірігіп, арабтарға қарсы күресі өз нәтижесін берді. Бірақ Сұлу қағанның өлімі және түргештер арасындағы өзара қырқысушылық одақтастар күшін әлсіретті. Ақыр соңында Тохаристан арабтардың қол астына өтті.

Тохаристан қарлықтары арабтарға тәуелді болса да олардың Жетісумен және Батыс Түрік қағанатымен саяси қатынастарының үзілмегендігі байқалады. Жетісуға бір жағынан Тохаристанның мәдени-идеологиялық ықпалының манихейлік дінге байланысты артқаны да көрінде. VIII ғасырдың ортасында Жетісудағы манихейлік дінбасыларының орталығы Тохаристанда болғаны белгілі.

Сонымен, Тохаристан қарлықтары Орталық Азиядағы қарлықтардың құрамдас бір бөлігі бола тұрып, өздерінің саяси және мәдени байланыстары мен қатынастар қарлықтардың негізгі бөлігінің көне түркілер мұрасы үшін күресте батысқа қарай біртіндеп жылжу барысында одан әрі нығайып, кейін Орталық Азияда қарлықтардың саяси үстемдігінің орнығуына мүмкіндік берді.

**Сатай Сыздықов, тарих ғылымдарының докторы, профессор**